

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2019-2020 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет отырысының
ҚАУЛЫЛАРЫ № 7**

Түркістан қаласы

21 ақпан 2020 жыл

Өткізілетін орын: Мәдениет сарайы, кіші конференция залы.

Өткізілетін уақыты: 2019 жылдың 21 ақпаны, сағат 15:00

Комитет мүшелері – 43

Қатысқандар: 37, келмегендер: 6

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім алушылардың ағымдық үлгерімін талдау, қысқы сессия қорытындысы (Факультет декандары);
2. 2020-2021 оқу жылына мамандықтар бойынша көптілді білім беру жүйесімен оқытылатын пәндер тізімін бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.);
3. 2020-2021 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламаларын бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.);
4. 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы (Медицина факультеті бойынша)
5. Әртүрлі мәселелер:
 - 5.1. 2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессияның емтихандарды қабылдау түрлерін бекіту (Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы Г.Жумжаева)
 - 5.2. 2019-2020 оқу жылы қабылданған резидентура білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарларына (НОЖ) өзгерістер енгізу (Жауапты: Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы – Жунусов М.С.);
 - 5.3. 25.12. 2019 жыл бекітілген Мамандар дайындау сапасын жақсарту және түлектерді жұмыспен қамту іс-шаралары «Жол картасының» есебін беру («Аматекен» ҰКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингісін анықтауға берілген критерийлер бойынша № 10 қосымшаларға сәйкес) (Жауапты: факультет декандары)
 - 5.4. ОЖСБ-2020 «АКТ», «Қазіргі заман тарихы», «Философия», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша дайындық жұмыстары туралы (Жауапты: факультет

декандары және «АКТ», «Қазіргі заман тарихы», «Философия», «Ағылшын тілі» пәндеріне қарасты кафедра меңгерушілері);

5.5. ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант иегерлерінің есебін талқылау (Жауапты: Факультет деканы, Грант иегерлері).

5.5.1. Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, м.ғ.д. профессор Елікбаев Галымжан Мамырбекович;

5.6. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту туралы (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж.).

5.7. ҚР БЖҒМ №719 бұйрығына сәйкес ЖОО-ның қызметін ұйымдастыру талаптарының орындалуы бойынша факультеттер мен бөлімдердегі атқарылып жатқан жұмыстар туралы (Жауапты – Факультет декандары, құрылымдық бөлім басшылары).

5.8. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім саласы бойынша докторантура бағдарламасына қабылдаудың алдын-ала іріктеу бағдарламасын бекіту (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ж.Ниязов).

5.9. 2019-2020 оқу жылының қысқы сессия нәтижесінде білім алушылар арасында «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасын талқылау (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж.).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. 2019-2020 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелсін;

Алдағы емтихан сессиясын ұйымдастыру мен өткізуде факультет декандарының жауапкершілігі күшейтілсін (жауапты: Т.Ниязов);

1.2. Барлық білімгерлер мен емтихан қабылдаушылардың аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесімен толық таныс болуы жекелей қамтамасыз етілсін (жауапты: факультет декандары);

1.3. Көктемгі емтихан сессиясының кестесі бекітілерде емтихан сессиясының соңғы бір аптасы емтиханды қайта тапсыруды ұйымдастыру мен өткізу үшін қарастырылсын (жауапты: Т.Ниязов);

1.4. Орталықтандырылған емтихан өткізу барысында білімгерлердің жеке заттарын сақтайтын №3 ғимаратта гардеробтарда арнайы ұяшықтардың (160 және 450 адамды қамтамасыз ете алатын) болуы қамтамасыз етілсін (жауапты: Н.М.Батырбаев);

1.5. Емтихан сессия апталарын тиімді пайдалану және сессия мерзімінің шектен тыс ұзарып кетпеуін қамтамасыз ету мақсатында емтихан қабылдау жүйесіне, емтихан түрлеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін (жауаптылар: Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент, факультет декандары).

1.6. Білім алушылардың ағымдық үлгерімі мен қысқы сессия қорытындысын талқылау үшін университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын. (жауаптылар: Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент, факультет декандары).

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша

Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. 2020-2021 оқу жылына мамандықтар бойынша көптілді білім беру жүйесімен оқытылатын пәндер тізімін бекітуге ұсынылсын (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.).

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. 2020-2021 жаңа оқу жылына қабылданатын бакалавр бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары толықтырулармен бекітілсін (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Ж.Шайхидинұлы).

№	БББ шифрі	Білім беру бағдарламалардың атауы
Бакалавриат		
1	6B01202	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
2	6B01303	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
3	6B01101	Педагогика және психология
4	6B01404	Бастапқы әскери дайындық
5	6B01406	Музыкалық білім
6	6B014...	Көркем еңбек және графикалық жобалау
7	6B01405	Денешынықтыру және спорт
8	6B01509	Математика
9	6B01510	Физика
10	6B01512	Химия
11	6B01513	Биология
12	6B01615	Тарих
13	6B01514	География
14	6B01716	Қазақ тілі мен әдебиеті
15	6B01717	Орыс тілі мен әдебиеті
16	6B01719	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік)
17	6B01718	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай)
18	6B01763	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

19	6B01764	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
20	6B01562	Химия-Биология
20	6B01559	Математика-Физика
21	6B01560	Математика-Информатика
22	6B01561	Физика-Информатика
23	6B02227	Философия
24	6B03138	Халықаралық қатынастар
25	6B02231	Тарих
26	6B02336	Филология: казак филологиясы
27	6B02228	Дінтану
28	6B02335	Аударма ісі: ағылшын тілі
29	6B02230	Археология и этнология
30	6B02332	Шетел филологиясы (ағылшын тілі)
31	6B02333	Шетел филологиясы (түрік тілі)
32	6B02229	Геология
33	6B02267	Түркітану
34	6B02266	Исламтану
35	6B04245	Құқықтану
36	6B02121	Вокалдық өнер
37	6B02122	Дәстүрлі музыка өнері
38	6B02123	Актерлік өнер
39	6B02124	Хореография
40	6B02125	Сән өнері
41	6B02126	Дизайн
42	6B02165	Эстрада өнері
43	6B03137	Әлеуметтану
44	6B03168	Саясаттану
45	6B03239	Журналистика
46	6B04142	Экономика
47	6B04140	Менеджмент
48	6B04143	Есеп және аудит
49	6B04144	Қаржы
50	6B04141	Мемлекеттік және жергілікті басқару
51	6B04175	Сандық қаржы аналитикасы
52	6B05449	Математика
53	6B05348	Физика
54	6B05370	Химия
55	6B05146	Биология
56	6B05247	Экология
57	6B05169	Биотехнология
58	6B07154	Автоматтандыру және басқару
59	6B06151	Ақпараттық жүйелер

60	6B06152	Есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыз ету
61	6B06171	Математикалық және компьютерлік модельдеу
62	6B07153	Электр энергетикасы
63	6B01573	Информатика, АКТ және робототехник
64	6B06176	Компьютерлік модельдеу және деректерді визуализациялау
65	6B11157	Туризм
66	6B10155	Жалпы медицина
67	6B10174	Қоғамдық денсаулық сақтау
68	6B10173	Мейірбике ісі
69	6B10156	Стоматология
70	6B032...	Сандық журналистика
71	6B111...	Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі
72	6B021...	Интерьер және қоршаған орта дизайны
73	6B061...	Компьютерлік инженерия
74	6B041...	Бизнес және кәсіпкерлік

3.2. 2020-2021 жана оқу жылы үшін бекітілетін білім беру бағдаламаларының мазмұнына, ҚРБҒМ-нің № 563 (2018, 12 қазан) бұйрығының 11 тармағына, МЖБС талаптарына сәйкестендіру мақсатында 2019-2020 оқу жылындағы өтпелі оқу жоспарларындағы кейбір пәндердің кредиттік мөлшеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні 2 кредиттен - 3 кредитке өзгертілсін;

2. «Этнопедагогика» пәні 2 кредиттен 3 кередитке өзгертілсін.

3. «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні 2 кредиттен 3 кередитке өзгертілсін.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4. Медицина факультетінің стратегиялық жоспар аясындағы оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы туралы есебі назарға алнсын.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші сұрағы бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1. 2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының емтихандарды қабылдау түрлері бекітілсін.

5.2. Кешенді емтихан түрінде қабылданатын емтиханның сұрақтары Блум таксономиясына негізделіп, саны кафедра мәжілісінде қаралып, факультеттің Академиялық комитетінде талқыланып, бекітілсін.

5.3. Сервистік «Түрік тілі» және «Ағылшын тілі» пәндерінің Копушма/Speaking формасы 2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясын тапсыру түрінен алынып тасталып, емтихан бір кезеңде тест түрінде өткізілсін (Жауапты: оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы Г.Жумжаева).

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.2.1. 2019-2020 оқу жылы қабылданған резидентура білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарларына (НОЖ) өзгерістер енгізілсін.

5.2.2. 2019-2020 оқу жылында білім алушы 2,3 курс резиденттері үшін 2015 жылы шыққан білім стандарты мен НОЖ негізінде ЖОЖ сәйкестендірілсін.

5.2.3. 2019 жылы шыққан білім стандартымен 2019-2020 оқу жылына қабылданған білімгерлердің ЖОЖ-ы мен Платонус базасындағы модульдық пәндердің кодтары алынып, білім стандартымен НОЖ-ға сәйкестендірілсін

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің үшінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.3. 25.12. 2019 жыл бекітілген Мамандар дайындау сапасын жақсарту және түлектерді жұмыспен қамту іс-шаралары «Жол картасы» («Аматекен» ҰКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингісін анықтауға берілген критерийлер бойынша № 10 қосымшаларға сәйкес) негізінде толықтыру шаралары жасалынсын.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің төртінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.4. ОЖСБ-2020 «АКТ», «Қазіргі заман тарихы», «Философия», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша дайындық жұмыстары бойынша (Әр пән бойынша дайындық кестелері жасалынып, дәрістің уақытылы жүргізілу барасы, бақылау-пысықтау тесттермен жұмыс т.б.) жандандырылсын, т.б.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бесінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.5. Шымкент медицина институты, Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінен Елікбаевтің ҚР БжҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебі қанағаттанарлық деп танылып, университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің алтыншы сұрағы бойынша Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ

5.6. Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін және баспаға ұсынылсын.

Медицина факультеті бойынша:

5.6.1. Пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасынан авторлар М.Д. Даулетова, Б.А. Төлепбергенова дайындаған «Кардиология бойынша клиникалық жағдайлар» оқу құралы;

5.6.2. Пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасынан автор Д.С. Рахымбердиев дайындаған «Нефрология бойынша клиникалық сценарийлер жиынтығы» оқу құралы;

5.6.3. Жалпы хирургия кафедрасынан авторлар Ә.Н. Темирбеков, И.Б. Усембаева, Ұ.Т. Бағысбаева, С.М. Жақып дайындаған «Медициналық биофизика пәні бойынша тақырыптық сұрақтар жинағы» оқу құралы;

5.6.4. Жалпы хирургия кафедрасынан авторлар Ә.Н. Темирбеков, И.Б. Усембаева, М.С. Аймаханов дайындаған «Сборник тематических вопросов по медицинской биофизике» оқу құралы;

5.6.5. Жалпы хирургия кафедрасынан автор Қ. Қарымбаевтың Robbins Basic Pathology (ағылшын тілінен аударылған) оқулығы;

Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті бойынша:

5.6.6. И. Тулеев дайындаған «Қазақ медицинасының негізін салушылары мен көрнекті ғалымдары» (оқу құралы);

Гуманитарлық ғылымдар:

5.6.7. Дінтану кафедрасынан Д. Кенжетаев дайындаған «Зайырлылық» оқу құралы;

5.6.8. Дінтану кафедрасынан Ж. Нурматов дайындаған «Тәпсір тарихы және әдістемесі» оқу құралы;

5.6.9. Білім технологиялары кафедрасынан Г.А. Кайбулдаеваның «Мектепке дейінгі педагогика тарихы» оқу-әдістемелік құралы;

5.6.10. Білім технологиялары кафедрасынан А.А. Жумадуллаеваның «Отбасы психологиясы» оқу-әдістемелік құралы;

5.6.11. Дінтану кафедрасынан Д. Кенжетаев, Д. Мұстафаева дайындаған «Ясауи мәдениетінің іздері» оқу құралы;

5.6.12. Дінтану кафедрасынан З. Жандарбек дайындаған «Ясауитану» оқу құралы;

Спорт және өнер факультеті бойынша:

5.6.13. Бейнелеу өнері кафедрасынан авторлар Ералин Қ., Бейсенбеков Ж. дайындаған «Бейнелеу туындыларын бағалау өлшемдері» оқу құралы;

Стоматология факультеті бойынша:

5.6.14. Адам патологиясы кафедрасынан автор Г.К. Аширбековтің «Топырақтағы химиялық заттардың» жалпы санитарлық көрсеткіштеріне сәйкес ШРК зияндылық деңгейін анықтаудың әдістемелерін жасау» оқу-әдістемелік құралы;

Инженерия факультеті бойынша:

5.6.15.Компьютерлік ғылымдар кафедрасынан авторлар Н.П.Сапарходжаев, Г.Ниязова, Ү.Р.Рахмет дайындаған «Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу құралы.

**Күн тәртібіндегі жетінші мәселесі бойынша
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.7. ҚР БЖҒМ №719 бұйрығына сәйкес ЖОО-ның қызметін ұйымдастыру талаптарының орындалу шаралары жандандырылсын, факультеттерде өзара, ішінара тексеру, бақылау шаралары жасалынсын. 105 пункт бойынша 96 папканың 26.02.2020 ж дайын болуы керектігі назарға алынсын. (Жауапты: Факультет декандары, Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары, Академиялық департаменттер).

**Күн тәртібіндегі сегізінші мәселесі бойынша
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.8.Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім саласы бойынша докторантура бағдарламасына қабылдаудың алдын-ала іріктеу бағдарламасы бекітілсін.

**Күн тәртібіндегі тоғызыншы мәселесі бойынша
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.9.1. 2019-2020 оқу жылының 10.02. -14. 02 (қысқы сессия нәтижесінде) аралығында білім алушылар арасында өткізілген «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

5.9.2. Факультет декандары сауалнама нәтижелерін мұқият зерттеп, үздік нәтижеге қол жеткізген оқытушы-просессор құрамының рейтингілерін жоғарлатуға, ал төменгі көрсеткіш көрсеткен оқытушылардың біліктілігін көтеруге тиісті іс-шаралар жоспарлансын.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы



Ж.И.Исаева

